

РАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ, I

Араб империясы дәуіріндегі
Афроеуразия (б.з. 500–800 жж.).

Араб мемлекеті



Кіріспе

Алғашқы мыңжылдықта алтыншы болып, Ішкі Еуразияда емес, Араб түбегінің шөл даласында сол кездегі ең ірі дала империясы пайда болды. 622 жылдан бастап араб тілінде сөйлейтін қала тұрғындары мен тайпалары Мұхаммад ибн Абдалла басшылығымен діни және саяси қоғамдастық құруға ынтымақтасты. Астанасы Мадинада (Медина) орналасып, жас араб мемлекеті түбегінде қазіргі Франция, Германия және Испанияны қосқанда екі есе асатын аумақты қамтыды.

Сол кезеңдегі Ішкі Еуразиялық империялар құрушылардан айырмашылығы – араб күштерінің негізінен урбанизацияланған жерлерді басып алып, сол жерлерге қоныстануға тырысатындығында. Жүз жылдан астам уақыт ішінде араб әскері Шығыс пен Батысқа қарай тартылып, Үнді өзені аңғарынан Испанияға дейін созылған мемлекетке айналды.

Ішкі Еуразия империяларынан тағы бір айырмашылығы – жаңа дін, еврей және христиандар сияқты бір ғана құдіретті құдайға ертеден куә болған пайғамбар Ыбырайымның дәстүріне негізделген монотеисттік сенімнің жаңа көрінісі. Араб империясы біртұтас мемлекет ретінде шамамен бір ғасыр ғана созылғанымен, Ислам оңтүстік-батыс Азия мен Солтүстік Африкада тамырын кеңінен жайды. Осылайша Ислам Буддизм мен Христиандыққа әмбебап көзқарас ретінде этикалы дін қатарына енді. Ол сондай-ақ, қалалық өркениеттің ерекше стилі үшін діни негіздерді нақты ұсынды.

VI–VII ғасырлардағы Оңтүстік-Батыс Азия сахнасы

Оқулық авторлары ежелгі мәтіндерден алынған дәлелдерді алға тарта отырып, б.з.д. бірінші мыңжылдықтың басынан-ақ кішігірім мемлекеттерде, сондай-ақ, жекелеген тайпалық одақтарда араб тілінде сөйлейтін адамдар Оңтүстік-Шығыс Азияның саяси және мәдени өмірінде белгілі бір орын алғанын айтады. Араб түбегін, Сирияны және батыс Месопотамияны иемденген араб топтары Рим мен Парсы империяларына одақтас, саяси тәуелді және сауда серіктесі болып табылды.

Бүгінгі Йемен Республикасында орналасқан Арабия түбегінің оңтүстік-батыс бөлігіндегі шағын монархиялар суармалы егіншаруашылығымен айналысты, сондай-ақ, хош иісті заттар және басқа да экзотикалық тауарларды экспорттаумен айналысты. Түбектегі ауылшаруашылығымен айналысатын тұрғындардың ең ірі бөлігі жаз кезінде муссон жаңбыры мол жауатын Йеменге көбірек шоғырланды.

Араб шөлі алайда түбектің басым бөлігін алады. Оның климаты шығыс Сахарамен бірдей, шағын кемелермен кесіп өтуге болатын тар су жолы бар Қызыл теңізбен бөлінген екі шөл. Б.з.д. 2500 жылдары нарларды немесе бір өркешті түйелерді қолға үйреткеннен кейін, пасторлық көшпенділер күрделі араб даласына оазистері, құдықтары бар, маусымдық жауын-шашыны жеткілікті, жемшөпті қамтамасыз ете алатын жерлерде үй жануарларын бағып, біртіндеп бейімделе бастады. Ішкі Еуразияның жауынгерлері сияқты, Арабияның пасторлық тайпалары да, жылқы мен түйе үстінде қылыш ұстап, бір-бірімен бәсекелесті. Олар римдік және парсы модельдерінен қару-жарақ пен темір қорғаныс пайдалануды да қабылдады.

Американдық зерттеуші ғалымдар айтуынша, б.з.д. соңғы ғасырларда, олар солтүстік Арабиялық арнайы ер-тоқымды пайдалана бастап, ол шабандоздың ыңғайлы отыруына және ауыр жүкті бірге алып жүруге мүмкіндік берді. Б.з. төртінші ғасырынан бастап, араб тілді топтар Сирия мен Месопотамияның аграрлық шеттеріне жетіп, бұл оларды Византия мен Сасанид империяларымен тығыз байланысқа әкелді.

Бұл екі алып мемлекет үнемі қалалар мен ауылшаруашылық жайлаулары үшін Сирия, Анатолия және Батыс Месопотамиямен соғысуға дайын тұрды. Екі мемлекет те арабтармен қақтығыспау үшін олармен прагматикалық альянстар жасасуға тырысты.

Сондай-ақ авторлардың жазуынша, екеуі де Йемен мен Оңтүстік-Батыс Азияны Үнді мұхитымен жалғастыратын Қызыл теңіздегі коммерциялық байланыстарға үстемдік ету мүмкіндіктерін алуға ынталанды. VI ғасырдың соңына қарай герман жауынгерлері басым



болған батыс Жерорта теңізіне Византияның римдік билікті қайта орнатуға деген сенімділіктері әлі де бар еді.

Италия мен Солтүстік Африка жерлерінің шашыраңқы аумақтардағы кей жерлерінде Византияның билігі сақталып қалған еді. Бірақ император Ираклий (610–641 жж.) Мысырды, Сирия мен Анатолияны Парсылардан және Балқан провинциясындағы Авар, Славян және Түрік әскерлерінен қорғауға бар күшін салды.

VII ғасырдың басында Византия мен Персия арасындағы шайқас күшейгені соншалық, Сасанид күштері солтүстік Мысырды басып алды. Бұл соғысқа кеткен шығындар, шегаралық гарнизондар мен қорғаныстарды үздіксіз инвестициялау екі мемлекеттің де қазыналарын азайтып, жаңа жаулармен шайқасуға дайындығын бұзды деп айтуға болады.

Сонымен қатар 541 жылы шығыс Жерорта теңізін қамтыған алғашқы оба індетінің циклы VII ғасырда да жалғасып, бір өңірде өлім мен экономикалық қиындықтар қатар жүруі елді титықтатып жіберді.

Мұхаммед және исламды насихаттау

Мұхаммед пен Исламның уағыздалуын арнайы қараған кітап авторлары мұсылман дінінің де, Жаңа Араб мемлекетінің де пайда болуы батыс Арабия немесе биік таулы аймақ, шағын қалалары бар, маусымдық өзендерімен жерасты суларының көздері табылған Хижазда басталғанын айтады.

Мұндай орталықтар Мекке мен Мединаны да қамтығаны түсінікті. Византия мен Парсы сияқты коммерциялық және мәдени өзара әрекеттесу әлеміне тиесілі болған Арабия да осы тұстан бастап жандана бастады. Авторлар Сирия мен Солтүстік Арабиядағы арабтардың айтарлықтай бөлігі христиан дінін ұстанғанын және христиандар мен еврей қауымдастықтарының кейбірі Хижаз қалаларында болғанын да нақты дәлелдер келтіре отырып анықтама береді. Алайда көптеген қала тұрғындары мен пасторлық көшпенділер күн, ай, жұлдыз немесе қасиетті ағаштар, жартастармен айқындалатын көптеген құдайларға сенді. Мекке, Хижаз қалашығы, Ка'ба деп аталатын текше құрылымына негізделген маңызды пұтқа табынатын орынды иеленді деп көрсетеді авторлар. Меккенің тәңірлері бүкіл батыс Арабияның қажылыққа табынушыларын тартты деп тұжырымдайды Росс Данн мен Лора Митчелл.

Қағбаның алдында тұрған Мұхаммед

Бұл кішігірім сурет XIV ғасырда пайғамбардың өмірі туралы жазылған көп томды «Сиери-Неби» кітабындағы 814 суреттің бірі. Пайғамбардың бетін көрсетпей жауып қою исламда дамыған дәстүр.

Афроеуразиялық қарым-қатынастарда жалпы сауда-саттықтың өсуіне байланысты Хижаз қалаларының VII ғасырда коммерция бойынша өркендеуі кең өріс алды. Сауда орталығы ретінде Меккенің айрықша маңыздылығы тарихи тұрғыдан даулы болып қалса да, тарихшылар өсіп келе жатқан коммерцияландыру тайпалардың, діни қауымдастықтар мен экономикалық жағынан таптар арасында әлеуметтік шиеленісті күшейтетін ақшаға негізделген мәдениетті атап көрсетеді.

Осындай жағдайда тарих сахнасына мықты тұлғаның шығуы кездейсоқтық емес еді. Мысырдан шыққан қырық екі жасар Мұхаммед құдіретті Құдайдың мейірімділігі мен әділдігін уағыздай бастайды деп атап өтеді авторлар. Бірнеше нұсқалы өмірбаяндар, хроника және қасиетті мәтіндер оның өміріндегі оқиғаларды баяндайды. Алайда Иса мен Будда сияқты, оның мансабы мен жетістіктерін сипаттайтын ешқандай құжат оның өміріне жатпайтынын көрсеткен авторлар осыған байланысты біршама зерттеушілердің ойын беруге тырысады.

Тарихшылар Мұхаммедтің іс-әрекеттерін, сөздерін және әлеуметтік ортасын дәлелдейтін ерте мәтіндердің сенімділігі мен түпнұсқалығы жайында үнемі дауласады. Мұсылман дәстүрлеріне сәйкес, Мұхаммед 570 жылы Құрайыш тайпасының отбасында дүниеге келді. Ол



жастайынан жетім қалып, ағасынан тәрбие алғаны, сауда-саттықпен сәтті айналысып, Мекке кәсіпкері Хадишаға үйленгені туралы бізге белгілі мәліметтерді келтіреді.

610 жылы ол Құдайдан, араб тілінде айтқанда Аллаһтан хабар түскеніне көзі жетіп, Періште Габриел бұл айғақтарды таратып, және Мұхаммедтен бұл хабарды басқа меккеліктермен бөлісу керектігін бұйырды деп нақтылайды.

Оның хабарында құдайдың бір екендігі қатаң айтылса да, қолданыстағы еврей және христиан дәстүрлерімен үйлесімді болды. Адамдар, Құдайдың ең жоғарғы жаратылысы бола тұра, оны өздерінің қалауы бойынша сана-сезімдеріне ортақтандырып, оның еркіне бойсұну керек. Құдай мейірімді, бірақ ол әділ. Құдайдың әділдігі күні қиянаты жоқтар жұмаққа кіргенде, ал Құдайдан бас тартқандар мәңгілік қасіретке ұшырайды. Адамды құтқару оған және оның қасиетті өсиеттеріне сөзсіз берілгендікке байланысты деп түсінік береді авторлар.

Бұл заңдар барлық ерлер мен әйелдердің Құдайдың жаратылысына тақуалық білдіріп, мейірімді, жомарт болуын және құрметтеуін талап етеді. Өзімшілдіктен бас тартып, Аллаһқа табыну керек. Араб тіліндегі «Ислам» сөзін «берілу», «бағыну» немесе «міндет» деп аударуға болады деп көрсетеді авторлар. Исламды дәріптейтін адам – мұсылман, ол Құдайдың еркіне толықтай мойынсұнуы керек.

Еврей мен христиан қауымдары батыс Арабияда қоныстанғандықтан, оларға Мұхаммедтің уағызы бөтен емес еді. Жеті ғасыр бұрынғы Иса сияқты, Мұхаммед те коммерциялық және космополиттік әлемде моральдық сенімділік, әлеуметтік әділеттілік және күнәдан босату туралы көпшілікке мәлімдеді. Иса сияқты, Мұхаммед те байсалды түрде Исламды қабылдау үшін күрескен. Мекке халқының аз ғана бөлігі, оның ішінде әйелі Хадишаны қоса алғанда, оны тыңдайтын. Келушілердің басым бөлігі – кедей және азап көрген адамдар, көбінесе әйелдер болатын. Көптеген адамдар, әсіресе ең ықпалды отбасылар, әлеуметтік мінез-құлықты өзгертуге, байлығын кедейлермен бөлісуге немесе қаладағы табысты бизнес әкелген пұттардан бас тартуға шақырғандығын ұнатпайтын.

Мұсылман дәстүрі баяндауынша, 622 жылы негізінен немқұрайлылық пен қуғынға ұшыраған 11 жылдан соң, Мұхаммед пен оның сенушілерінің шағын тобы Меккеден шығып, солтүстікке қарай 250 шақырым жердегі Мадина деп аталған Йатриб қаласына сапар шегеді. Бұл қалада бай суармалы егіншаруашылығы болғанымен, созылмалы тайпааралық дүмпүлдерден үлкен зардап шеккен жер еді.

Нәтижесінде, қала Мұхаммедтің моральдық және саяси басшылығын қабылдады. Мұхаммед тек қана Мадиналықтардың барлық жанжалдардан бас тартып, араб тіліндегі «умма» деп аталатын біріккен, Құдайға бағдарланған қоғамдастыққа бірігуін талап етті. Мұсылмандар үшін Пайғамбардың Хижра деп аталатын Мадинаға көшуі – тарихтағы басты оқиға болып табылады. Енді Құдайдың сөзін уағыздау және оның діни және саяси қоғамын ұйымдастыру үшін қауіпсіз негіз жасалды деген қорытынды береді авторлар. Б.з. 622 жыл-мұсылман күнтізбесінде 1-ші жыл.

Оқулық авторлары мұсылман діні бойынша Мұхаммед 610 жылдан бастап 632 жылы қайтыс болғанға дейін, Құдайдың нұсқауларын қабылдағандығын айтады. Бұл айғақтардың толық құрамы Құран кітабында, Құдайдың хабарын бүкіл әлемге «тарату» кітабында жинақталғандығын, Мұхаммед бұл хабарды ауызша түрде жеткізіп, оның өлімінен бірнеше уақыт өткен соң мұсылман дін мұғалімдері оны араб жазуымен белгіледі деп көрсетеді. Мұсылмандар үшін Құран – рухани жандандыру көзі. (Құран – ең жоғарғы рухани билік иесінің туындысы)

Олар Мұхаммедті басқа адамдардан адал, Құдайдың еркіне сай өмір сүргенін растады. Сондай-ақ, Құраннан басқа мұсылмандарға шабыт беретін, басшылық пен құқықтық прецеденттер жинағы болған Пайғамбар дәстүріне негізделген Хадистерді де ерекше атап өтеді.

Бұл қасиетті мәтіндер Мұхаммедтің үлгілі сөздері мен істерінің есептері болып табылатынын тақырыпты ашуда ғалымдардың нақты дәлелдемелерімен бекітіп, авторлар өз комментарийлерін де жасап отырады. Мұсылмандарға Мұхаммед «кемел адам» болып саналғанмен, ертедегі христиандар сияқты Исаға берген Құдайдың рухани ұлы деп неге есептемегеніне жауап іздеуге тырысады.

Құранда сондай-ақ, Құдайдың жаратылысы ретінде адамдарға қолдануға тиісті этикалық құқықтар мен міндеттер айтылады. Моральдық тұрғыдан басшылық ретінде ол еврей және



христиан Киелі кітаптарымен ұқсас. Мұнда күнделікті дұға, кедейлерге үнемі қайырымдылық, Меккеге қажылық, жыл сайын ораза ұстау және Құдайдың бірлігі мен Мұхаммедтің жердегі соңғы пайғамбар екені туралы куәландыратын ереже, нормалар мен салт-жоралар бейнеленген.

Меккедегі қасиетті Қағба

Мұсылмандардың Ұлы мешітке – Қағбаның алдында ақшам намазын оқуға келген тұсы. Бұл куб тәрізді құрылымның үсті қара матамен жабылған.

Еврей киелі кітабындай, Құранда да VII ғасыр Арабияда мүліктік операцияларды, мұра қалдыру, сауда-саттық, туыстық қатынастар, құлдық және әлеуметтік-экономикалық өмірдің кез келген саласын реттейтін этикалық нормалар белгіленген. Неке және отбасы ең маңызды тақырып болды.

Алғашқы мыңжылдықтағы әлемнің басым бөлігіндегідей, араб әлеуметтік топтары патриархалдық болды, яғни ересек ерлер билейтін болды. Тайпалық идеология әйелдер мен балаларды отбасылық меншік ретінде және ерлер арасындағы құрмет пен адалдық ерлі-зайыптылар арасында тұрақты неке қарым-қатынастарынан жоғары деп анықтады. Барлық адамдар моральдық құрметке лайық, ал әйелдер мен еркектер өздерінің жаратушының алдында бірдей жауапкершілікке ие.

Құран некені насихаттайды, ажырасуға тыйым салады, инцестке жол бермейді, әйелді өлтіруге тыйым салады, полигамияны тек қатал шартты жағдайларда ғана рұқсат етеді, әйелдердің меншігіне және мұрагерлік құқықтарына жол ашады. Құлдық Афроеуразия әлеуметтік құрылымының сіңіскен бөлігі болғандықтан, Мұхаммед оның заңдылығына қарсы шықпады. Христиандықтың Жаңа өсиеті сияқты, Құранға сенушілерге құлдарды жанашырлықпен қарауға үйретіп, оларға еркіндік беруге үгіттеді.

Оңтүстік Батыс Азияның жаңа мемлекеті

Жаңа Оңтүстік-Батыс Азия мемлекетінің Иса немесе Буддадан айырмашылығы – екеуі де дүниелік басшылықты қабылдамады. Мұхаммед бір мезгілде діни, әлеуметтік және саяси бірлікті құра алды деп атап өтеді авторлар. Мединаға көшкеннен кейін, ол оазис тұрғындары мен пасторларының федерациясын ұйымдастырып, ең алдымен жас қоғамдастықты қорғап, Құдайдың алдын ала айтқанына сенетін өмір жолын қамтамасыз етті. Ол меккеліктер мен басқа батыс араб топтарының қатты жаугершілігіне ұшырады. Мединаның ірі еврей азшылықтарының бөлігі оның пайғамбарлығы мен саяси басшылығын ақыры мойындап, қабылдауы да оңайлықпен келмеді.

Араб мұсылман империясында дағдарыстар орын алды. Себепп Мұхаммедтың мұрагері болмағандықтан, 632 жылы оның өлімі көшбасшылық дағдарысқа әкелді. Алайда пайғамбардың ертедегі серіктерінің бірі – Абу Бакр, мұсылмандардың жетекшілерінің арасынан Мұхаммедтің халифын немесе «орынбасары» болуы туралы консенсусқа қол жеткізді.

Абу Бакр 632–634 жылдары, екі жыл бойы көшбасшы ретінде көтерілістерді басып, солтүстіктегі Сирия шөліндегі араб топтарымен саяси байланыстар жасады. Олармен одақтасып, Византия мен Парсы шегараларына шабуыл жасады. Осылайша, ол жас мемлекетті сақтап, одан әрі қуатты қылуға бар күш-жігерін салды. Абу Бакр мен оның екі ізбасары Халиф Омар және Халифа Усман (644–656) басшылығымен (634–644) Араб шегарасындағы болған басқыншылықтар Оңтүстік-Батыс Азиядағы толассыз шабуылдарға ұласты.

Мединадан Шамға көшу

Мединадан Дамаскіге ауысу. Жаңа араб жетекшілерін шатырларда немесе балшық үйлерде тұратын шөлді қуғыншылардан қалалық, сарай тұрғындары элитасына айналдыру біраз



уақытты алды. Умайя халифатының басшылары грекше немесе парсы тілінде емес, араб тілінде сөйледі, бірақ олар негізінен Византия мен Сасанидтер сияқты жергілікті халықты басқарып, қарулы шенеуніктерді ұстап, оларды тәртіпті сақтауға және салық жинау үшін пайдаланды.

Жаңа мемлекет жолдар мен суару жұмыстарын жүргізіп, кәсіби әскер құрды және өзінің діни тәлім-тәрбиелерін көрсетіп, Иерусалимдегі Қасиетті күмбез тәрізді діни ескерткіштерді құрды. Умайя әулеті сондай-ақ, грек, сириялық, мысырлық және парсы отбасыларының білімді бухгалтерлері мен хатшыларын өздеріне шақырды.

Муавия билеуші тобының мұсылмандық қауымдастығының келісімімен, бірінші халиф – Абу Бакрдың басшылығы үлгісін бастапқыда сақтап отырғанын көруге болады. Алайда, шын мәнінде, Муавия өз ұлын өзі таққа отырғызып, мұрагерлік монархияны құрды. Шынында да, авторитарлық монархия өткен үш мың жылда аймақтың көпшілік бөлігінде стандартталған үкімет нысаны ретінде сақталғандығын атап өткен авторлар бұл туралы біршама мәліметтерді береді.

661–750 жылдарға дейін басқарған Умайя әулеті басшылығы заманында ислам араб емес халықтарға да тарала бастады, бірақ бұл процесс басында баяу өтсе керек. Өздерін Құдайдың осы дүниедегі пайғамбарлығын орындау үшін таңдалған деп санайтын арабтық жаулаушылар алғашқы кездерде басқа халықтардың дін ауыстыруын қолдамады. Олар көбінесе христиандарды, еврейлерді және басқа да сенушілерді өздерінің ғибадатында қалдырды. Авторлар келтірген деректерге сүйенсек, пайғамбардың өлімінен 118 жыл өткен соң, имам араб емес халықтардың 10 пайыздайы ғана мұсылман бола бастады деп мәлімет келтірген.

Алайда кейінгі VIII ғасырда дін ауыстыру процесі жеделдей бастады. Иран мен Орталық Азиядағы заратуштра дініндегілер христиан немесе иудаизмге қарағанда, исламды әлдеқайда тезірек қабылдай бастағанын атап өтеді.

Сунниттер мен шииттер

Кітап авторларының сунниттер және шииттер жайында берген мәліметтері де назар аудартарлық. Умайяд кезеңіндегі екінші маңызды даму – мұсылман мемлекетінің ұйымдастырылуы мен көшбасшылық. Бұл жайында зерттеушілер арасында ғылыми көзқарастар пікірталасы әлі күнге дейін жүріп жатыр. Мұсылман дәстүріне сәйкес, Мұхаммед пен ертедегі халифтердің саяси қоғамдастықты құру талпыныстары Құдай мақұлдаған қоғам құру миссиясынан ажырамайды деп саналды, яғни Мұхаммед қоғамдастықты адамдарға билік иерархиясын орнатуға және салық жинаушыларын жіберуге емес, моральдық және рухани мұраларды орындауға және Құдайдың үкіміне дайындалу үшін құрды. Авторлар бұған қарсы фракциялардың үкімет құрылымын дұрыстау жолындағы 656–661 жж. және 683–692 жж. қамтыған азаматтық соғыстың дәл осы мәселеге байланысты болғанын алға тартады.

Дамаскідегі Умайя үкіметі алғашқы төрт халифтің исламды дұрыс жолмен орнатқан деген ойы көпшіліктің қолдауына ие болды. Бұл модельге сәйкес, халиф қоғамның «бас атқарушысы» атанып, қоғамды қорғау, әлеуметтік әділеттілікті насихаттау және қоғамдық қолдау сақталғанға дейін Құдай заңдарын орындау міндетін алды. Бұл идеалды қабыл алған мұсылмандар – сунниттер болды. Пайғамбар мен алғашқы төрт халифтің белгілеген нормаларына сілтеме жасайтын араб сөзі – сунна деп аталды.

Сунна көзқарастарының басты бәсекелестері – араб тілінде «партия» немесе «фракция» дегенді білдіретін шииттер болды. Олар төртінші халиф және Мұхаммедтің туысы Әлиге адал болып қызмет етті. Шиә жақтаушылары Құдай қауымның көшбасшысын тек Әлидің отбасынан ғана таңдауға шақырып, пайғамбардың кейбір ерекше моральдық және рухани қасиеттерін мұра етіп алған осы Әли деп есептеді. Саяси қарсыластар азаматтық жанжалдарда Әли мен оның екі ұлының бірін өлтіргеніне қарамастан, Мұхаммед Әлидің басқа ұрпақтарымен де қандас болды деп өз бағыттарынан таймады. Шииттердің айтуынша, тек олар ғана билік етуге құқылы болды.

Ірі шиит тобының сенуінше, IX ғасырда Әлидің отбасындағы он екінші имам жасырын күйге ауысты. Содан бері ол әлемнен жасырын өмір сүруді жалғастырып, шиит басшыларына шабыт беріп отырады. Бір күні ол жер бетінде сот төрелігінің соңғы дәуірін бастауға оралады. Уақыт өте



келе, шииттер түрлі салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары бар әртүрлі салаларға бөлінеді. Соған қарамастан, шииттердің ілімдері кейінірек діни және саяси қозғалыстарға бастау болғандығы жайында, соның ішінде бірқатар мұсылман мемлекеттерінің негізін қалауға мұрындық болғанын да оқулық авторлары атап өтеді. Бүгінде шииттер әлемдегі мұсылман халқының 20%-дан астамын құрап, көбінесе Ирак пен Иранда орналасқан.

Қорытынды

Қорытындылай келе, американдық зерттеушілер Араб түбегінің шөл даласында пайда болған империя сол замандағы ең ірі империялардың бірі болғандығын айтады. Соны дәлелдей келе, мемлекеттің әскери қуаттылығы, шаруашылығының дамығаны, хош иісті заттарды экспорттауы және саудасының дамығаны айқындалды. Ислам дінінің пайда болуы мен дамуының қалай жүзеге асқандығын көреміз. Авторлар сунниттер мен шииттердің азаматтық соғыстар нәтижесінде қалай бөлінгендігін анықтайды.

Жалпы, авторлардың пікіріне сүйенсек, Ислам мемлекетінің дамуының өзіндік ерекшеліктерімен жалғасымы жақсы жүргенін, сунниттер мен шииттердің шығуы жайында мұсылман мемлекетінің ұйымдастырылуы мен көшбасшылығы мәселесіндегі пікірсайыстардың негізінде туындағанын, яғни екі топтың дін жағынан емес, саяси жағынан екіге бөлінуге әкелгенін байқауға болады. Сондай-ақ, Исламды таратып, уағыздау процесі мұсылман білімі мен ағартушылық, сауат ашу, ғылым әлеміндегі таңғаларлық ашылулармен параллель жүргенін, әлем тарихындағы Мұсылман әлемінің зайырлылығының маңызы зор болғанын да ерекше атап өтуге болады.

Сұрақтар

1. Ішкі еуразиялық империялардың және араб империясының даму жолдарының ұқсастығы қандай және олар қалай ерекшеленді?
2. Араб империясының дамуы діннің таралуына байлынысты болды ма?
3. Мұсылман елдерінің бір-бірінен алшақтау себептері қандай?